

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Салымшылар БЖЗК-ға 210 миллиард теңгеден астам қаржыны қайтарды

2021 жылдың 5 тамызындағы жағдай бойынша **БЖЗК** салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалануға берген **379 423 өтінішін** орындағы. Уәкілетті оператор – банктерде ашылған қазақстандықтардың арнағы шоттарына БЖЗК **1,7 трлн теңгеден аса қаржы** аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – шамамен **4,4 млн теңге**.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (16,7%), Маңғыстау облысының (14,9%), Нұр-Сұлтан қаласының (12,9%) тұрғындары тарарапынан жолданған. www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат орналастырылған. Мұндай ақпарат өнірлер бөлінісінде де берілген ([«Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері»](#) және [тиесінше «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері»](#) шағын бөлімдері).

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ болып табылады. Орындалған өтініштердің едәуір бөлігі «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» АҚ (**орындалған өтініштердің жалпы санының 95,3%**), одан әрі «Қазақстан Халық банкі» АҚ (**3,8%**), «Банк ЦентрКредит» АҚ (**0,9%**), «Altyn Bank» АҚ (**0,03%**) және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ (**0,01%**) арқылы берілді.

Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда (**«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» АҚ**) ашылған арнағы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды **олар келіп тұсken құннен бастап 45 жұмыс құні ішінде** (*Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағына сәйкес*) ұсынады. Уәкілетті операторға дәйекті құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда бұл қаражат БЖЗК-ға қайтарылуға жатады. Бұдан бөлеқ, азаматтардың зейнетақы жинақтарын пайдалану кезінде өтінімде көрсетілген мақсатты, уәкілетті операторлар арқылы жылжымайтын мүлікті ресімдеу барысында өзгертулеріне құқықтары бар.

Салымшы, сонымен қатар аударылған соманы **«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» АҚ-ға** тиісті өтініш беру арқылы БЖЗК-ға қайтара алады, оны банк алушыдан қайтаруға өтініш алған құннен бастап **3 (үш) жұмыс құні ішінде** орындауға міндетті.

Айта кетейік, уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетакы шоттарына (ЖЗШ) өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша **206,4 млрд теңгеден аса сома қайтарылды**, себебі, қазақстандықтар біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде пайдаланбаган.

Бұған қоса БЖЗК емделуге жалпы сомасы **26,1 млрд теңгеге** келіп тұсken **27 902 өтінішті** орындағы. Бұл ретте алуға болатын орташа сома – **0,9 млн теңге**. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған (**«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» АҚ**) **4,2 млрд теңге** қайтарылды. Зейнетакы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистикамен www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» – [«Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері»](#) бөлімінен танысуға болады.

Ағымдағы жылдың 5 тамызындағы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) шамамен **4,8 млрд теңге** аударылды. БЖЗК келіп тұсken **2 395 өтініш** орындалды. Аударымның орташа сомасы шамамен **2,0 млн теңге**. Зейнетакы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша егжей-тегжейлі статистика enpf.kz сайтындағы

[«БЖЗК» АҚ](#) баспасөз орталығы

«Көрсеткіштер» – «Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру» бөлімінде жарияланып отырады.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы төрт ИПБ-мен шарт жасасты. Сіз олардың инвестициялық декларацияларын enpf.kz веб-сайтындағы «Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінен көре аласыз. Айта кетейік, 4,8 млрд теңгенің **43,89%** немесе 2,1 млрд теңгесі «Jusan Invest» АҚ, **27,76%** немесе 1,3 млрд теңгесі «Halyk Global Markets» АҚ, **18,65%** немесе 0,9 млрд теңгесі «BCC Invest» АҚ, **9,70%** немесе 0,5 млрд теңгесі «Сентрас Секьюритиз» АҚ аударылды.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген *Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында* көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Занға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқаруды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстының 7,5% аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітеді және ол жылына бір рет қана өзгеру мүмкін.

Салымшы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі негізге ала отырып есептелінеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы I қартаңдан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алууды жүзеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).